

10 ақпан күні 6B04143-Есеп және аудит білім беру бағдарламасының 2-курс білімгерлеріне тәрбие сағаты өтілді. Күн тәртібінде **“Буллинг деген не? Оның түрлері мен салдары”** және Академиялық Адалдық кодексі талқыланды.

Топ эдвайзері А.Асанова Білімгерлерге буллинг ұғымын жан-жақты түсіну, оның түрлері мен салдарын ашу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес буллинг үшін қарастырылған құқықтық жауапкершілік туралы ақпарат берді.

Буллинг – бір тұлғаға немесе топқа қатысты жүйелі түрде жасалатын психологиялық, вербалды, физикалық немесе цифрлық қысым көрсету әрекеті.

Білімгерлер арасынан Әділхан Дария «Буллинг деген не? Оның түрлері мен салдары» тақырыбына өзінің дайындаған баяндамасымен таныстырды. Буллинг деген не? Буллинг қатысушыларының түрлерін, белгілері мен сипаттамасы қандай екенін және де кибербуллингтің алдын алу туралы кеңестерін айтып өтті. Сонымен қатар буллинг әрекеттері ескертуге, айыппұлға, тәртіптік жазаға немесе заң алдында жауап беруге алып келуі мүмкін екені түсіндірілді.





Білімгерлер арасынан Сүйіндік Рахым, Марик Мафтуна, Аминжанов Жахангир буллингке қатысты өз пікірлерін білдірді, түрлі сұрақтар қойылып, жауаптар берілді.

Топ эдвайзері буллингтің тек моральдық емес, құқықтық жауапкершілікке де әкелетінін атап өтті. Білімгерлерге университеттің психологына, кураторына немесе деканат қызметіне жүгіну жолдары түсіндірілді.



Топ эдвайзері А.Асанова білімгерлермен жұмыс жасау барысында келесі мәселелерге көңіл бөлу қажеттігі айтылды: «Академиялық Адалдық Кодексі» университетімізде академиялық адалдық білім беру үрдісіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады және оның негізгі қағидаттарын сақтауға арналған. Онда 1) Академиялық адалдық бұзушылықтары. 2) Академиялық қызметкерлер мен білім алушылардың Кодексті сақтау жауапкершілігі. 3) Академиялық адалдық нормаларының бұзылуы туралы көрсетілгендігін түсіндірді. Ережені бұзған жағдайда білімгерлерге жеке түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Жазалау шаралары университет тарапынан берілетіндігін айтып өтті. Сонымен қатар топ эдвайзері академиялық адалдық кодексінің мазмұнын түсіндіріп, білім алушылардың оқу барысында адалдық қағидаларын сақтауының маңыздылығына тоқталды. Плагиат, көшіру, жалған ақпарат ұсыну сияқты әрекеттердің білім сапасына кері әсер ететіні айтылды.

Білім алушылар академиялық адалдық туралы өз ойларын білдіріп, адал еңбектің болашақ кәсіби дамуға әсері жөнінде пікір алмасты.